
ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

ӘОЖ 82:81-26;82:81'38

«МАХАББАТНАМА» ДАСТАНЫНЫң ҚҰПИЯЛАРЫ SECRETS OF EPOS "МАНАВВАТНАМА"

Т. ЕҢСЕГЕНҰЛЫ*

Түйіндеме

Мақалада көне түркілердің «Махаббатнама» дастанын өткен ғасырдың екінші жартысында бірнеше түрколог ғалымдар арнағы зерттегені, кейбір ғалымдар осы дастанды таза өзбек мұрасы деген ұшқарылау пікір білдіргені айттыған. Қысқасы осы сала мамандары сол дастанның қыр-сырын тұтастай ашып, ғылыми қорытынды жасауға онша бармады. Осы құнды мұраны тасада қалдырmas үшін бұл мақалада «Махаббатнама» дастанының құрылышы, ақынның сол туындыны жасауда «гәзел», «мәснәви» сөздерін пайдалануының мәні, содан кейін барып «Махаббатнама» дастанын он бір хат етіп жасауы, Хорезмидің мына ғашықтық туралы жырды жазудағы мақсаты, ақынның жігіт хаттарына сұлу қыздың жауап қайтартпай қалдырудагы ниеті, шығарма концепциясы, дастандағы образды сөздер, көркемдік өрнектер, бойжеткеннің сөзбен жасалған портреттік бейнесі, жігіттің психологиялық тебіренісі, оның махаббат алдында тізе бүтіп, мәнгі ғашық болып қалу сыры – бәрі, бәрі осы шағын зерттеу енбекте сығымдаға жинақталып беріліп, ғылыми түйіндеу жасалынған.

Түйін сөздер: Көне мұрадағы махаббат жыры, ҳалықтық эстетика, образды сөздер, портреттік бейне, түркілік дәстүр.

Summary

The article deals with investigation of ancient Turkic epic Mahabbatnama by scientists in the second half of the last century, some scientists had suggested that the epic is heritage of Uzbek culture. Experts of this field entirely revealed the originality of the epic, but didn't provide any scientific conclusion. In order not to leave this valuable heritage in the shadow, the article describes the structure of the epic, enters values of using the words "gəzel", "məsnəvi" at creating the work, then the creation of the epic "Mahabbatnama" consisting eleven letters by the writer. The aim at writing this love epic is poet's intention to leave unanswered the letters of the young man. The article considers The concept of the work, the usage of figure words in the epos, art examples, the portrait of young lady given by words, psychological mood of fellow, his falling in love with the girl, the secrets of being in love and scientific conclusion to the epos are presented in the article.

Key words: love epos of the ancient heritage, national esthetics, figure words, portrait image, Turkic tradition.

* филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті. Түркістан/Қазақстан.

Doctor of philological sciences, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan. e-mail: etokbolat@mail.ru

Ежелгі дәуірден жеткен көне түркілердің «Махаббатнама» дастанын оқып болғаннан кейін кез-келген адамның ерекше толғаныста болып, өзінше тебіреніп, ой теңізіне шомылары сөзсіз. Себебі, бұл шығарма түркі тілдес халықтардың асыл мұраларының ішіндегі ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған алғашқы жыр жаунарларының бірегейі. Былайынша айтқанда әлем әдебиетінің алтын қорынан орын алатын лирикалық дастан – махабbat балладасы.

Екіншіден, осы туынды сүйіспеншілікті ғана жырлаған бір жақты емес, көп қырлы, тынысы кең көркем дүние. Өйткені, мұнда адалдықты, адамгершілікті, әдептілікті, ақылдылықты және ежелден аты аңызға айналған ірі тұлғаларды қоса жырлайды. Үшіншіден, мына шығармада терең философиялық толғамдар сезімге ауыр жүк салып, айналаға өз ой-көзіңмен, өз болжамыңмен қарауға ықтиярсыз итермелейді. Төртіншіден, ақын махаббатты жырлай отырып, өмірдің өткінші әрі тым қысқа екенін айтып, бұл пәниде ешкімнің де мәңгілікке қалмайтынын еске салып, осы тіршілікке құштарлықпен қарап, барға қанағат етіп, тәубага келуге мегзеу жасайды.

Қысқасы, бұл еңбекке қарап түйгеніміз: шынайы сүйіспеншілік, өмір кілті – мөлдір махаббат алдында адам түтелі айдай әлем бас иеді екен. Алғаусыз ғашық жүрек – өртті де, дерпті де, жауды да, ажалды да тындармайтын құдірет. Себебі, ойлап қарасақ, осы дастандағы ғашық жігіт – ку қайықпен шалқар теңіздің дүлеймен арпалысқан жанкешті «балықшыға» ұқсайды. Демек, барлық өнер мен ғылымның тұра көз тігіп, құпиясына үңілген объектісі – Өмір мен Адамның тікелей, бетпебет әрекеті осы шығармада лирикаға оралып, философиялық терендікпен жинақталып берілген.

Осы айтқанымызды жинақы етіп ғылыми негізде дәлелдеу үшін бұл шығармаға зерттеу жасап, өлең жодарын аударғанда үйғырша, арабша жазылған түпнұсқаны басшылыққа алып, кейінгі орысша аудармаларды солармен салыстырып, негізгі нұсқалардағы ойды нақты беруге күш салдық. Соңдықтан әңгіме барысында дастандағы өлең жолдарын пайдаланғанда осы шығарманың бірнеше нұсқасына сілтеме жасалынды. Бұл жырдың ішкі сырына үңілуде осы шығарманың сюжетін, құрылышын білу аса қажет. Онсыз мақсатқа жету мүмкін емес. Сонымен, әуелі дастан құрылышына талдау жасайық.

«Махаббатнама» поэмасын жазған тұлға негізгі тақырып – ғашықтық жырына қарай ауыспай тұрып бірінші кезекте жаратушы –

Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

ұлы тәңірғе тағзым етіп, содан кейін осы үлкен іске бет бүрғанын жырда:

Ұлық тәңірдің атын жаныма сақтап,
Жазайын махаббатнама жырын бастап,—

деп білдіреді [1, 128]. Мұнан әрі шығарманы жасаушы әлемді жаратушы – тәңірдің тенденсі жоқ құдірет екенін баяндайды. Оған дәлел келтіріп, дүниедегі барлық болмыс, зат, тірлікті сол жаратушы арнайы бір мақсатқа бейімдеп жасағаны және кез-келген заттан не істеймін десе де әлгі жарылқаушы құдіреттің өз еркінде екенін мәлімдейді. Одан соң ақынның өзі жасаған иесіне қарап:

Алла, Хорезми ақынға назарың сал,
Махаббатты көңілден сен азайтпа,—

деген ниетпен жалбарынады [1, 27].

Айрықша назар аударуды қажет ететін нәрсе – осы «Махаббатнама» дастанында Хорезми ақын бұл шығарманы жасауга себепші болған жәйттерден және сол мезеттегі өзінің көңіл сырын бәз қалпында өлеңмен білдіреді. Соның әсерінен «Махаббатнама» дастанының алғашқы жағы бірнеше тақырыптардан тұрады. Мысалға, осы шығарманың бірінші тарауына жататын – «Өуелгі көріскенін айтуы» атты тақырыппен берілген жырдың қысқаша мазмұны мынандай: Алтын Орда мемлекетінің ұлықтарының бірі Мұхаммед Хожа мейрам айының тамаша құндерінің бірінде кең алқапқа қатарлай қаптата шатырлар тіктіріп, жайласа отырып мәжіліс құрып, үлкен сауық-сайран жасайды. Бұл тойда әдетінше өнерге – әсем әуезге кең жол ашылады. Әрине, дүрілдеген думанды мерекеге Хорезми ақынның өзі де қатысады. Сол тойда ақын сұлу келбетімен, жогары парасаттылығымен жұртты тәнті еткен бойжеткен қызға ерекше көңілі ауады. Ол жаңағы сұлу арқылы бітім-болмысын көркем сөзбен суреттеуге ыңғайланып, алғашқы өлең жолын:

Ей, қарағайдай менмен сұлу, жүзің неткен сүйкімді,
Сенің жүзіңе адам түгел, гүл танырқар,—

деп бастап, сырышыл әсем жырды толассыз ұзақ-ұзақ төгеді [2, 120]. Осы сұлу қызға арналған өлеңге де «гәзел» деп тақырып қойылышты

(гәзел – екі жолдан тұратын лирикалық өлең). Дастандағы мұнан кейінгі тақырып «Оқиғаның баяндап айтылуы» деп аталынады. Бұл жырда – осы тойдың иесі Мұхаммед Хожа ақын Хорезмидің зор дарындылығына бас иіп, оның даңғайыр, белгілі сөз шебері, парсы тілінде кітаптары бар екенін айтқаны жазылған. Өсіресе, Хорезмидің маҳаббатты жырлауда алдына жан сала қоймайтын шын жүйрік екенін білдіріп өзінің қасында бір қыс болып, жай-жағдайға түсініп, қанығып, ғашықтық жайлы жыр жазуға қолқа салады ақынға. Хорезми сол ұлықтың тілегін жан-тәнімен қабыл алады. Хорезмидің сол той үстінде нөсерлеткен жыры «Маҳаббатнама» дастанында «гәзел» деген тақырыппен берілген. Мұнда да қайтадан ғашықтық жайлы сыр шертіледі. Одан кейінгі тақырып «Мәснәви» деп аталады. Осы тақырыппен берілген шагын ғана туындыда ақын өзінің шығарған маҳаббат туралы жырын сол ұлық соңына дейін тындал, үлкен ризалық білдіріп, оған шапан жауып, ерекше қадірлегенін танытады.

Жоғарыда аталған «мәснәви» сөзі – жұптас жолдардан тұратын өлең деген мәнді білдіреді. Бірақ жыр желісі үзіліп қалмайды. Әрі қарай сабақтаса жалғасады. Мысалға, әлгі Мұхаммед Хожа көрсеткен сый-сияпатқа шаттанған ақын тағы да сұлу жырды көмейінен түйдектей төгеді. Мұнысын да ақын «гәзел» деп бөлекшелей атаған. Осында да маҳаббат жайлы сыр ағытылады. Ақын сол лирикалық өлецинің соңында бұл шығарманы жасауда алдына қойған мақсатын:

Осы дастархан басындағыларға айтарым,
Маҳаббатнаманы он хат қылдым.
Екі бабын қылайын һәм парсыша,
Атлас тон жарасар болса мәлім.
Әлкисса, әуелі бек сыйпатын баяндайын,
Одан соң хатымды бастайын,—

деп білдіреді [2, 128]. Хорезми ақынның өзі айтқандай, бек сыйпатын баяндайтын жыр – «Мұхаммед Хожа бекті мадақтау» деп аталады. Осы арнау жырында ақын:

О, арыстан жүректі, Қоңырат ұрығы,
Кіші жастан ұлықтардың ұлығы.
Бақыт – көзі, береке – кеніші,
Мұхаммед Хожа бек әлем қуанышы.
Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,
Шахтың шағы Жәнібек ханға етенесіз,—

Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

деп бастап, Мұхаммед Хожаны одан бұрын өткен әлемге әйгілі батырлармен, даңқы аңызға айналған жомарттармен теңестіреді. Одан соң Хорезми «Жағдайды баяндап айтуды» деген тақырыппен жазылған жырында да бек Мұхаммед Хожаға қызықты, рахатты өмір, жүз елу жыл ғұмыр, таусылмас бақыт тілеп:

Мұхаммед Хожа бекті мақтап біттім,
Махаббатнаманы жазуга кірістім,—

деп ғашықтық дастанын жазуга біржола ден қояды [2, 89]. «Махаббатнама» дастанындағы негізгі бөлім – жігіттің қызға жазған хаттары. Бұл шығарманың осы маңызды саласы – он бір жеке-жеке тараудан, немесе он бір арнау өлеңнен тұрады. Мұндайда түсінбестік болмас үшін алдын-ала білдіреріміз: Хорезми ақын әуелде осы дастанды он арнау хатпен аяқтауды жоспарлаған тәрізді. Оған ақынның мына туындыны жазуды бастардағы: «Махаббатнаманы он хат қылдым» деген өлең жолы дәлел. Бірақ, шығарманы жазу үстінде ақындық дарындылық пен ой шеңберінің кеңеюінен болар, дастандағы арнау өлең он бірге жетіпти.

Дастандағы бірінші арнау хат – «Бастапқы нама» деп аталады. Осында ақын шығармаға арқау боған көркем қызды «Сұлулық әлемінің падишасы» деп атап, оның жүзін – наурыз мерекесіне, қасын – айға теңейді. Сол ару қыздың бетіндегі қара меңі алқызыл өңіне құйыла жарасып, сұңғақ бойы, қыпша белі, нәркес көзі, әсем күлкісі, гауһардай тісі бәрі-бәрі бір-бірімен үйлесім таба бірігіп, ажарлы бойжеткеннің көрікті келбетін бұрынғыдан да бетер нұрландырып жібереді. Осылай салыстыра суреттеу арқылы ақын оның ешбір жан тен қелмес нағыз әсем ару екенін лирикалық өлеңмен оқшаулап көрсетеді.

Шығармадағы басты бейне – ару қыздың болмыс-бітімін жұрт есінен кетпестей етіп тұлғалай түсу үшін, әрі өзінің іштегі тұнған шының ғашықтық сырын айқын білдіру мақсатымен ақын:

Сұлулық әлемінің сұлтанысың, ей жаным,
Бастан-аяқ түгел жансың, ей жаным,—

деп ғашық жігіт оның айдай көркіне бас иіп, махаббат отының алауынан қалайыдай балқиды [2, 129].

Осы арада еске саларымыз, бұл дастандағы он бір арнау хат былайша қарағанда бір-бірінен онша айырмашылығы жоқ, әншнейін ғашықтық жыр сияқты болып көрінеді. Содан да болар осы «Махаббатнама» дастаны жайлы сөз қозғағандардың көбісі әр арнау хатын өзіндік ерекшелігіне, мазмұнына онша назар аудара қоймаған. Расында да бұл көлемді шығарма – лирикалық дастан, ғашықтық хаттары. Осы туындыға сырттай шола қарағанда әр намадан сюжет іздеу қажетсіз сияқты болып көрінеді. Ал шығарманың құрылышына зер салсақ, әр арнау хат жеке-жеке түйнделген махаббат лирикасы.

Сонымен бірге, «Махаббатнама» дастанындағы әр өлең жолына, ондағы әр сөзге үңіле қарап, салмақтасақ, дүниенің телегей-теніз ұлылығы осы туындыдағы қос шумақтарға сығылышы сиып, сиқырлы суреттер самсал тұрғанын қапысыз байқаймыз. Бұл дастандағы әлгіндей ерекше даралықтың сыры неде? Өйткені ақын осы жырдағы жақуттай жұтынған жетістіктердің бәрін көзге көрінбей, бейғам көңілге онша елене қоймайтын нәзік лирикага әсемдей орап жеткізген. Бұл дастандағы осындай көркемдік ерекшелікті жинақтай білдірсек, бұл осы шығармадағы лирикалық қуаттың құштілігі деп тану керек. Өйтпесе әр арнау хаттың өзіндік айтпақ сыр-толғауы мол-ақ. Оған нақты дәлел келтіру үшін дастандағы екінші хатты оқыық. Бұл сөз еткелі отырған екінші нама:

Сәлемімді гүлге жеткіз, ей, таң самалы,
Ай – құлыш, жұлдыздар – қызметшісі болып жүрген.
Сәлем де сүйгеніме шын көңілден,
Көзімнің сүрмесімен жаздым мұны,—

деген өлең жолдарынан басталады [1, 130]. Шығармада махаббат алауына өртенген ғашық жігіт сүйгеніне деген мөлдір сағынышын әлі ешкім жұтып ұлғірмеген таң самалы арқылы жолдайды. Осының өзі бірнеше бейнeler салынған ғажайып суреттер тізбегі деуге келеді. Демек, екі жолдан құралған өлеңге ғашық жігітінің ұнатқан аруына арнаған, тағатсыз жүргегіне симай кернеген бүкіл ақыл-ойы түтел жайласып кеткен.

Одан әрі сұлуын аңсаған жігіт өзінің оттан ыстық махаббатын бір ауыз сөзіне ділгір ғашығына арнайды да және сол сүйгенін аңсан, дәрменсіз күйге түскен қайғылы жүректің мұн-шерін рақымсыз, опасызыздар да естісін, төрткүл дүниеге түгел жайылсын деп аh ұра жар

Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

салады. Мұнан кейінгі өлең жолдарында ғашық жігіт: ажары айдан асқан сұлуыма, өмірімнің негізгі тыныс-тірлігі болатын аңсаған аруыма осы айтқандарымды бүкпесіз жеткізші, – деп жалбарынады самал желге.

Екінші арнау хатта ғашық жігіт сүйгенінің көрікті келбеті, нұрлы жанары, оймақтай аузынан шыққан әрбір сөзі, қылымсыған кербез жүріс-тұрысы есінен кетпей ауыр азапқа салғанын білдіреді. Тіпті қыздың есігінің алдындағы, оның ізі түскен топырағы оған бақыт сыйлар керемет дәру сияқты танылады. Сол сұлу қыздың қимылын, іс-әрекетін көзбен көрген адамның бәрі бақытты екен. Бірақ, жігіт сол ғашығына өз қолы жетпейтінін білдіреді. Солай үйғарса да оны құлай сүйген жігіт:

Көңілге өзгенің мейірін жуытпан,
Жырақ кетсем де сізді ұмытпан.

Жүремін кездесуге әрдайым талаптанып,
Тұн қанша ұзақ болса да таң атар,—

деп тұманды арман қиялына шомылыш, алдағы құндерден үміт үзбейді [1, 133]. Екінші арнау хаттың соңында Хорезми «Мәснәви» деген тақырыппен тағы да жыр толғайды. Мұнда махаббат жалынына шарпылған жігіт ғашық жүректің мұң-шерін басу үшін шарапқа қол созады. Сондай жағдайдағы мұңлықтың көңіл-күйін ақын:

Ah ұрганда жалыным көкке ұшты,
Сүйіктімнен айрылу күйдірді өзегімді.
Ойлап тұрсам, сабырдан жақсысы жоқ,
Енді білдім, бұл жолда сабыр да жоқ,—

деп баяндал, ол үшінші арнау хатты жазуға кіріседі. Бұдан туар пікір – «Махаббатнама» шығармасындағы әрбір арнау хаттың мәніне жете назар аудару аса қажет-ақ. Сонымен, осы дастандағы мөлдір махаббатты, ғашықтың сырын және өмір болмысын, заман тынысын қоса суреттеген арнау хаттар әлгіндей әдіспен бірден-бірге жалғасып, сөйтіп он бір нама жазылған. Хорезми «Махаббатнама» шығармасындағы соңғы арнау хатты жазып біткеннен соң «Күдайға құлшылық ету» деген тақырыппен тағы сол жырын жалғастыра түседі.

Мұнда ақын жасаған иеге табынып, өзінің жан-дуниесінің таза, көңілінің кірлемей, ластанбай, адал сақталуын тәнірден жалбарына тілейді. Сейтеді де ол: «Қате көп кетті мен құлышынан, кешіре гөр» деп құдіретті құдайға жалбарынады. Ақын осы жырында имангершілікті жанына жалау етіп ұстап, алладан өзін азғындық әрекеттен сақтап, желеп-жебеуін сұрайды. Хорезмидің осылай тәңіріне тағым ете отырып, өткен қундерін ой елегінен өткізіп, «жанылыс басқан тұсым жоқ па?» деп өзіне-өзі есеп беруі – ақынның биік парасатты, ірі тұлға екенін байқатады.

Хорезми құдайға құлышылық ете, сиына отырып, тағы да бек Мұхаммед Хожаны аузына алып, оған «сені тәңірі мұратыңа жеткізсін» деп жырға қосып бата береді. Дастандағы «Қыйт’а» деген тақырыппен берілген шағын жыр шумагында Хорезми адамгершілік жайлы философиялық ой толғай келіп, өзі туралы:

Екі жүзділік торында құс емеспін қалатын,
Мен – құмаймын, сарайлардың үстінде қаққан биік қанатын.
Қандай қошаметті сұлтан болса болсын,
Мал үшін оны мақтамаймын,—

дейді [3, 103]. Бұл дарынды ақынның шын сыры болса керек. Жоғарыда аталған «Қыйт’а» сөзі – сол тұстағы поэзияның шағын түрі. Ал осы шығармадағы «Кітаптың соны» деген шағын көлемдегі өлеңді оқып Хорезми Рауани «Махаббатнама» дастаның қай жерде, қашан жазғанын баяндайды. Дастан соңындағы «Хикаят» деген тарауда ақын адамгершілік жайлы ұзақ жыр толғап, сол өлеңінің аяғын:

Көкке сарай салам деп болма әуре,
Жұтым су мен бір түйір нан жетер саған,—

деп жұртты қанағаттылықта шақырумен түйіндейді. Дастан жайлы ғылыми деректер. «Махаббатнама» дастаны бізге қалай жетті? Бұл жырды шығарған кім? Осы дастан қашан, қай жерде жазылған? Сол сауалдарға жауап қайтару үшін «Махаббатнама» дастанының бізге жеткен екі нұсқасының зерттелу жайына назар бұрайық. Бұл жырдың бір нұсқасы ұйғыр әрпімен, екіншісі арабша жазылған. Реті, хатқа түсүі бойынша ұйғыр әрпімен жазылған нұсқа бірінші болып табылады. Сондықтан алғашқы сөз кезегін сол нұсқадан бастаған жөн.

Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

Осы дастанның үйғыр әрпімен жазылған нұсқасы жайлыш алғашқылардың бірі болып сөз қозғаған әйгілі шығыстанушы ғалым, академик В.В. Бартольд. Ол 1924 жылы жазған «Британия» музейіндегі үйғыр әрпімен жазылған жаңа қолжазба» деген шағын мақаласында: «Сол музейден бұған дейін бір-жар ғана енбекпен танысқан едік. Мына ертедегі мәдени ескерткіштің табылуы, оның үйғыр әрпімен жазылғаны, түркологияны дамытуда, мүмкін сүйсінерлік жетістік болар», – деп жазыпты (Бартольд В.В. Британия музейіндегі үйғыр әрпімен жазылған жаңа қолжазба, Россия Ғылым академиясына баяндама. Шығыс әдебиеті сериясы. 1924, сөүір-маусым, 57-бет.).

Осы дастанның бірінші, үйғыр әрпімен жазылған нұсқасын орыс тіліне аударып, оны түпнұсқамен қатар жариялад әрі тілдік түрғыда кең зерттеп, өз пікірін білдіріп, жеке кітап етіп шығарған белгілі шығыстанушы ғалым А.М.Щербак. Сол ғалым аударған орысша нұсқа қазақша тәржімаланып, 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты кітапқа сол күйінде енгізілді. «Махаббатнама» дастанының үйғыр әрпімен жазылған нұсқасы көлемі жағынан осы шығарманың арабша нұсқасынан едәуір аз. Бұл нұсқа небәрі 254 бейітten тұрады немесе 508 тармақ. Дәлірек айтқанда, осы қолжазба арабша нұсқадан 63 бейіт кем. Мынадай құнды мұраның бірекі күн болса да бұрынырақ хатқа түсіп қалғаны қуанарлық жетістік. Осы түрғыдан қараганда бұл үйғыр әрпімен жазылған нұсқа біздің жыл санауымыз бойынша 1432 жылы хатқа түскен.

Мұндағы ерекшелік – осы нұсқа «Махаббатнама» дастанын Хорезми жазғаннан кейін 79 жылдан соң қағазға түсіріліп сақталынған. Сонда бұл қолжазба араб нұсқасынан 77 жыл бұрын хатқа түскен. Осының өзін елеулі жетістік есебінде атауға болады. Мүмкін толық нұсқа – арабша қолжазба сол нұсқага сүйене отырып толықтырылған шығар.

«Махаббатнама» дастанының үйғыр нұсқасының екінші ұтымды жағы – осында, бұл қолжазбаны қай жерде, қашан, кімнің нұсқауымен кім жазғаны нақты көрсетілген. Мысалға, «Махаббатнама» дастанының үйғыр әрпімен жазылған нұсқасының ең соңында: «835 жылы, тауық жылы, раджаба айының басында Иездे қаласының Мир Джалал ад-Диннің бұйыруымен Мансур-бақшы жазды», – деп көрсетілген [1, 166].

Екіншіден, осы нұсқаның алғашқы бетінде ағылшынша жазылған сөзде – бұл кітаптың Мұхаммед шах тұсында (Парсы) сыйға тартылғаны, бірақ оны ешкім түсініп оқи алмағаны айтылған [1, 116].

Демек, осындай деректерге қарап отырып, мұндағы аса құнды кітаптарды кезінде ел басшылары бір-бірімен жылы қарым-қатынас, тату байланыс жасау үшін сыйға тартқаны, соның нәтижесінде құнды мемлекеттік мүлік есебінде сақталынатыны аңғарылады.

«Махаббатнама» дастанының үйгір әрпімен жазылған нұсқасы арабша жазылған «Махаббатнама» дастанынан қай жағынан болса да ептеген айырмашылығы бар. Атап айтқанда, үйгір әрпімен жазылған қолжазба арабша нұсқадағыдай арнайы ретімен бірнеше арнау хаттарға немесе он бір намаға бөлініп жазылмаған. Өуелгі нұсқада жігіттің ғашығына арнаған лирикалық жырлары көбіне «сөз басы», «гәзел» деген такырыптармен көрсетілген. Жинақтай білдіргенде, үйгір әрпіндегі нұсқада «Махаббатнама» дастаны жалпылама түрде жинақталып хатқа түсірілген.

Әйткенмен екі нұсқа арасында елеп көрсететіндей айырмашылық жоқтың қасы. Екі нұсқада да сол дастаның негізгі желісі тұтастай сақталынғыпты. Өсіресе, осы шығармадағы адам аттары, дастаның қай жерде, қашан жазылғаны екі нұсқада да сол күйінде баяндалады. Бұл бағыттағы оймызды түйіп айтқанда, «Махаббатнама» дастанының арабша қолжазбасы – ақын Хорезми жазған күйін мүмкіндігінше сақтаған толық нұсқасы деп сеніммен айтуға болады.

«Махаббатнама» дастанының арабша жазылған нұсқасы – Хорезми ақынның осы шығарманы жасаудағы көздең мақсат, жоспары толық сақталынған, әрі сондай күрделі ниетінің жүзеге асқанын танытатын, ақын қаламынан туган жыр жолдары түгел жазылған, тұтастығы бәз қалпында бұзылмаған толымды көркем дүние. Бұл сөзімізге шығарманың құрылышынан және бұл нұсқа жайлы жинақталған деректерден біршама мәліметтер келтіруге негіз жеткілікті.

Бұл дастаның арабша нұсқасын хатқа түсіруші осы шығарманы түгел жазып болып, сонына «Тәмәм Мухәббетнаме – Ихорезми Сәнә 914»» деп арнайы мәлімет қалдырыпты. Қазіргі жыл санау бойынша 1508-1509 жылдар аралығында хатқа түсірілген. Осыдан туар пікір – арабша хатқа жазған адам арада бір жарым ғасырдан астам уақыт өтсе де сол ел билеушіге ұсынылған қолжазбаны тауып алғып көшіргені анық.

Сол сыйға ұсынылған қолжазбаның бірі ежелгі қала Сығанақта сақталуы әбден мүмкін. Сосын «Махаббатнаманың» арабша нұсқасы 473 бәйіттен тұрады. Мұны әр жолға айналдырығанда дастан 946

Т.Еңсегенұлы. «Махаббатнама» дастанының құпиялары.

тармақтан құралған. Осы нұсқада парсыша жазылған өлең жолдары бар. Соларды ажыратып көрсеткенде дастанның 156 бәйіті парсыша, 317 бәйіті оғыз-қыпшақ тілінде жазылған. Хорезмидің өзі жыр шумағымен сездіргендей, ол екі тілде де еркін жазып, екі тілде де жүйрік шешен сөйлейтін болған.

Осы араб нұсқасын арнайы зерттеп, сыр-сипатын ашуда түрколог ғалым Э.Н.Наджип елеулі еңбек сініріпті. Ол бұл нұсқаны ұйғыр әрпімен жазылған қолжазбамен салыстырып, соны пікірлер айтты, жеке кітап етіп шығарды (Хорезми. Мұхаббатнаме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование. Э.Н.Наджипа. Москва, 1961).

Сондай-ақ көрші республикалардан Б.Валиходжаев, С.Қасымов осы дастанды зерттеумен кезінде айналысты. «Махаббатнама» дастанының толық нұсқасы 1959 жылы өзбек тілінде жарияланды. Кейін, 1962 жылы Ташкентте осы көркем шығарма орыс тілінде жарық көрді. Алайда, ташкенттік ғалым С.Қасымов бұл дастанды таза өзбек халқының мұрасы деген ұшқарылау пікір айтты. Солай десе де белгілі түркологтар В.В.Бартольд, А.И.Самойлович, А.М.Щербак сияқты ғалымдар осы мұраның түркі тілдес елдерге ортақ дүние екенін нақты дәлелдеп берді.

Қазақ ғалымдарынан «Махаббатнама» дастанын зерттеуге Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Ө.Күмісбаев, Ф.Айдаров, М.Томанов белсene араласты. А.Қыраубаевың аударуымен «Махаббатнама» дастаны 1985 жылы жеке кітап болып шықты. Түрколог ғалым А.М.Щербактың жазуынша «Махаббатнама» дастанының үшінші нұсқасы Стамбул университетінің кітапханасында сақтаулы [1, 126].

«Махаббатнама» дастанын айқын танып-білуде бұл шығарманың қай жерде, қашан жазылғанын анықтаудың маңызы айрықша зор. Өйткені, мұндай құнды қазына сол дәуірдің, сол ақын шыққан елдің мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің, жалпы әлті ақын өмір сүрген ортандың әлеуметтік жағдайы қандай дәрежеге көтерілгенін бағдарлауға мүмкіндік береді. Сондықтан тарихи тұлғалар мен мәдени ескерткіштердің мезгіл-мекенін білудің маңызы ерекше мәнді. Әсіресе «Махаббатнама» дастанындағы – лирикалық поэмалың ежелгі дәүірде кім жазғанын, қай жерде, қай ортада, аймақта дүниеге келтіргені бізге белгісіз тарихи жүмбақ сырдың бетін ашты.

Осы дастанды зерттеген, шығарманың ішкі құпиясына үціліп, талдау жасаған шетелдік түрколог ғалымдардың бәрі «Махаббатнама

дастаны Сыр бойында жазылғандығын мойындаған. Мысалға, шығыстанудағы әйгілі ғалымдар В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, В.В.Радлов, К.Г.Залеман, Э.Н.Наджип, А.М.Щербак, тіпті сол туындыны өзіне қарай тартқан өзбек ғалымдары С.Қасымов, Т.Жололовтар да бұл туындының Сыр бойында жазылып, дүниеге тарағанын растайды.

Бұлайша «Махаббатнаманы» зерттеген түрколог ғалымдардың барлығы бір ауыздан – дастанның Сырдарияның төменгі жағында туғанын растап қол қоюына басты себеп – сол шығарманы жасаған ақынның кемел даналығы. Әйтпесе мынадай лирика тілімен жазылған ұлы поэманның Сыр өнірінде туғанына күдікпен қарап, көрпені өзіне қарай тартушылар да табылар еді. Соны күні бұрын болжағандай Хорезми ақын осы дастанының соңында:

Махаббатнама сөзін біттім мұнда,
Бәрін де жаздым Сырдың жағасында.
Бұл дәптерім болып тұр Мысыр қанты,
Жеті жұз елу төртінші жылды аяқталды, –

деп жазыпты [3, 103]. Осы лирикалық поэманды, ондағы осы жолдарды оқыған Еуропаның кеудесі жоғары зиялыштары түркі тілдес халықтардың көне мәдениетіне кішіпейілділікпен, құмарта қараған тәрізді. Сөйтіп, Хорезми ақын бұл әйгілі лирикалық дастанын Сырдарияның төменгі жағында журіп жазып, махаббатқа жырмен мәңгілік ескерткіш орнатты. Есептеп қарасақ, бұл әлгі дастаның қазақ жерінде, Сыр бойында дүниеге келгеніне 640 жылдан асып барады. Бірақ оны ешкім де ескерер емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Щербак А.М. *Огуз-наме. Мухаббат-наме*. М: Вост.лит. 1959.
2. *Огуз-наме. Мухаббат-наме*. Алматы: Ғылым. 1986.
3. Хорезми. *Махаббатнама*. Алматы: Жалын. 1985.